

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2010-2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 142 Қаулысы. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 08 маусымда № 1745 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабындағы 2 тармағының 8) тармақшасына сәйкес және «Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 259 Қаулысының негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2010-2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі белгіленген тәртіппен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын білім беру ұйымдарына орналастырсін.

3.Бекітілген білім беру тапсырысы шегінде «Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы № 296 Қаулысымен белгіленген квота қолданылады деп анықталсын.

4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі № 158 Қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1724 болып тіркелген, 2009 жылдың 6 маусымында «Ақ жол» облыстық газетінде жарияланған) және «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырысын

бекіту туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылдың 29 сәуіріндегі № 158 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2009 жылғы 25 маусымдағы № 237 Қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1726 болып тіркелген, 2009 жылдың 18 шілдедегі «Ақ жол» облыстық газетінде жарияланған) күштері жойылды деп танылсын.

5. Осы Қаулы Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы Қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Мылтықбайұлы Төлепбергенге жүктелсін.

Облыс әкімі

Қ.Бозымбаев

Облыс

әкімдігінің

2010

жылғы

29

сәуірдегі

№ 142 Қаулысына қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Жамбыл облысының әкімдігінің 2010.12.02 № 333 Қаулысымен.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2010-2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандықтардың коды	Мамандықтардың атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы	
			барлығы	оның ішінде қазақ тілінде оқыту
1	0101013	Мектепке дейінгі ұжымдардың тәрбиешісі	70	45
2	0104000	Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)	75	75
3	0105013	Бастауыш білім беру мұғалімі	45	45
4	0105023	Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі	20	20
5	0105033	Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	25	25
6	0106013	Бейнелеу өнері және сызу пәнінің негізгі орта білім беру мұғалімі	15	15
7	0108013	Музыка пәнінің мектепке дейінгі ұжымдардағы және негізгі орта білім беру мұғалімі	15	15
8	0105043	Қазақ тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	20	20
9	0105063	Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі	20	0
10	0301000	Емдеу ісі	220	135
11	0302000	Медбикелік іс	30	30
12	0402000	Дизайн (салалар бойынша)	25	0
13	0404000	Аспаптық-орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	16	16

14	0405013	Оқытушы хормейстер	5	5
15	0409000	Актерлік өнер	10	10
16	0413000	Сәнді - қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	10	10
17	0502000	Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)	25	25
18	0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	53	0
19	0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	53	25
20	0508012	Аспаз	180	125
21	0510012	Хатшы-референт	25	25
22	0515000	Менеджмент(салалар және қолдану аясы бойынша)	25	25
23	0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	175	150
24	0601000	Метрология, стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)	25	25
25	0706000	Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	25	25
26	0707000	Тау кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	70	50
27	0711000	Маркшейдерлік іс	25	25
28	0713000	Геодезия және картография	25	0
29	0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)	95	95
30	0816000	Химиялық технология және өндіріс (түрлері бойынша)	25	25
31	0819000	Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы	25	25
32	0902012	Электрмен қамтамасыз ету	25	0
33	0911000	Электромеханикалық құралдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу электр (түрлері бойынша)	50	25
34	1013000	Механоөңдеу, өлшеуіш-бақылау приборлары және машина жасау автоматикасы	50	25
35	1108012	Вагондарды қараушы	30	30
36	1108062	Тепловоз машинисінің көмекшісі	55	55
37	1108072	Электровоз машинисінің көмекшісі	60	30
38	1112000	Өнеркәсіп машиналары және жабдықтарын пайдалану	25	25
39	1114000	Пісіру ісі (түрлері бойынша)	75	75
40	1114042	Электр газымен пісіруші	330	255
41	1115042	Электр жабдықтарды жөндейтін және қызмет көрсететін электромонтер	105	25
42	1201000	Автөкөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету	145	120
43	1201072	Автөкөлік жөндейтін слесарь	100	75
44	1203012	Теміржол станциясының кезекшісі	30	30
45	1211000	Тігін өндірісі және киімді моделдеу	50	50
46	1211032	Тігінші	37	37
47	1211062	Тігінші	150	100
48	1303022	Сигнал беру құрылысын орталықтандыру, блокадалау жабдықтарына қызмет көрсетуші және жөндеуші электромонтеры	30	0
49	1302012	Бақылау-өлшеу приборлары және автоматика бойынша слесарі	30	0
50	1304000	Электрондық есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыздандыру (түрлері бойынша)	151	100

51	1304012	Электрондық есептеу машинасының операторы	300	200
52	1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)	25	25
53	1306000	Радиотехника және байланыс (түрлері бойынша)	25	25
54	1401000	Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану	148	123
55	1402172	Кран машинисі (краншы)	25	0
56	1405000	Газбен қамтамасыз ету жүйесі мен жабдықтарды монтаждау және пайдалану	20	20
57	1410000	Автомобиль жолдары мен аэродромдар салу және пайдалану	45	45
58	1414000	Жихаз өндірісі (түрлері бойынша)	50	50
59	1502000	Агрономия	50	50
60	1504000	Ферма шаруашылығы (бейіндері бойынша)	250	225
61	1504062	Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинист	125	100
62	1504092	Электрожабдықтарға қызмет көрсетуші	25	25
63	1510000	Ауыл шаруашылығын механиканландыру	25	25
64	1511000	Жерге орналастыру	25	25
65	1512000	Зоотехния	25	25
66	1513000	Ветеринария	100	100
67	1513012	Мал шаруашылығында ветеринарлық өндеуші операторы	25	25
	Жиынтығы:		4288	3256

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК